

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Список использованных источников:

1. Кистер Д. А. Символический аспект в деятельности шамана // Центрально-азиатский шаманизм: философские, исторические, религиозные, экологические аспекты (материалы международного Байкальского симпозиума, 20-26 июня 1996г.) / Научное издание, Улан-Удэ: БНЦ СО РАН, С. 96.
2. Ким Г.Н. Шаманизм в Кореи // <http://koreamuseum.ru/cult.html>

ӘОК 94 (519)

КӘРІС МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ БАСПАНА

Тәжібай Динара Мұхтарқызы

miss.kaprizz@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Халықаралық қатынастар факультетінің «Шығыстану» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: РФ мен ҚР т.ғ.к. – К.С.Калиева

Гангнам стайл, К-поп, дорама, кимчи, «қысқы соната» - бұл әрине Корея деген сөзді естігенде әрбір адамның ойына еріксіз келетін алғашқы сөздер. Осылардың арқасында шет ел жастарының арасында Кореяға деген қызығушылық артып, оның мәдениетімен тереңірек танысуға септігін тигізді.

Әр ұлттың мәдениетімен танысу үшін ең алдымен сәлемдесуіне, ұлттық киіміне, ас мәзіріне, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпына мән беруіміз қажет. Ал егер де өмір сүру әдебіне тереңірек үңілер болсақ, олардың тұрған баспанасы мәдениеттің айқын көрінісі екенін аңғаруға болады. Сондықтан мен кәріс халқының тұрғылықты үй – жайын зерттеп көрдім. Бәрімізге белгілі Корея отырықшы ел болған. Көші-қонның орнына егін шаруашылығымен айналысып, тұрғылықты бір орынды мекен еткен. Біз Кореяда болғанда, жергілікті халықпен көп тілдескен болатынбыз. Және ең алғашқы болып Хандар мен ханшайымдар мекен еткен Кенбоккун сарайына бардық. Сондағы қарапайым халықтың айтқаны, Корея көп жылдар бойы Қытай мен Жапонияның отарында болған ел, сондықтан мәдениетке де, тілге де, дінге де, құрылыс-сәулет өнеріне де үлкен ықпалын тигізген. Қытай мен Жапонияда болған адам Кореяның баспанасы сол елдердегі баспана өнеріне ұқсас екенін бірден байқайды. Бірақ кәрістердің тұрғын үйі өзіне тән ерекшеліктермен көзге түседі. Мен осы тақырыпты ала отырып, оның қаншалықты ұқсас екенін, және қандай айырмашылықтарымен ерекшеленетінін іздеп көргім келді. Және бұл тақырып қазіргі таңда өте өзекті тақырыптардың бірі деп білемін. Өйткені қаншама ғасырлар өтсе де, ежелден келе жатқан баспана өнерін сақтап қалып, қазіргі таңда да заманауи үлгіде қолдана білу асқан шеберлікті талап етеді.

Бұған дейін кәріс халқының баспанасы жайлы біршама зерттеуші ғалымдар айналысқан болатын. Және солардың бірі Нани Пак пен Роберт Фузер. Нани Пак ерте жаста Америкаға көшіп кетіп, орта жасқа келгенде өз отанына оралған. Және Кореяға келгенде кішкентай кезіндегідей ханок үйде тұрғысы келеді. Сосын ол жайлы сұрастырып, интернет желісіне кіргенде мағлұматтың өте аз екенін байқайды. Сондықтан «Ханок: Кәрістердің тұрғын үйі» деген кітап шығарып, сол жайлы 12 пункттен тұратын зерттеуін жариялайды. Оның зерттеуі бойынша ханокты алғаш рет Чосон династиясы кезінде пайдалана бастаған. Бәрімізге белгілі «жылы еден»-ді де ойлап тапқан кәрістер болатын -, дейді. Онда тек қана сөзбен ғана жазып қоймай, әр түріне өздері түсірген баспаналардың суреттерін жариялап, нақты түрде ақпарат беруге тырысқан. Және қазіргі заманауи үлгіге сай жасалынған ханоктарды да естен шығармаған. Бұл кітап Токио қаласында 2015 жылы ағылшын тілінде баспаға шыққан.[1]

Келесі ол Миенгджи колледжіндегі архитектура бөлімінің зерттеушісі Енг Мин Ким. Оның айтуы бойынша ханоктың пайда болғанына 2000 жылдан астам уақыт болған. Және ол

өз зерттеуін ерте заманның ханогы мен қазіргі заманның ханогын салыстырып, қайсысы тиімдірек, күштірек, ыңғайлырақ екеніне көз жеткізу үшін тәжірибе жасаған. Көбінесе өзі архитектор болғандықтан, жұмсалған материалдарды талдап, жақсысын анықтап беруге тырысады. Сонымен қатар бір жыл мен жарты жылда 2 түрлі ханок салып (біріншісі ежелгі дәстүрмен, таза ағаштан болса, екіншісі заманауи үлгіде), оларға мониторинг жасап, тесттен өткізеді. Екі жыл бойғы зерттеу нәтижесінде өте ертеректе пайдаланылған ағаштан жасалған баспана мықтырақ болып, жеңіл шықты. [2]

Біздің бұл тақырыпты зерттеудегі мақсатым мен міндетім: ханок географиялық орналасуына байланысты әр түрлі болып келеді, мысалы оңтүстігі мен солтүстігіндегі ханоктардың бір-бірінен айырмашылы зор, солардың неліктен сан алуан екендігіне көз жеткізу. Сонымен қатар, ежелдегі жоғарғы тап, орта тап, және төменгі тап өкілдерінің тұрғын үйінде қандай айырмашылықтар бар екенін зерттеу. Және де қазіргі таңға дейін кәріс дәстүрлі үйлерінен құралған шағын аудандардың қалай сақталып және қандай қызмет атқарып жатқандығынан хабардар болу.

Ханок (한옥) – бұл кәрістердің ата-бабасынан мұра болып келе жатқан дәстүрлі тұрғын үйі. Ханокты салудың өзі үлкен бір өнер болып табылады. Өйткені кәрістер тұрғын үйді салуда орналасқан жері мен ауа-райына қатты мән берген. Фен-шуй-ға сәйкес олардың пікірінше ең қолайлы үй ол- таудың етегі мен, алдынан өзен ағып жататын «пэсанису» деген жерді айтады. Солтүстік аймақтарындағы үйлер шаршы тәріздес болса, елдің орталығында орналасқан тұрғындардың үйі «Г» әрпі іспеттес, ал ең жылы оңтүстік аймақтарында түзу, тік сызық сияқты болып келеді. Бұл тұрған жердің табиғатына, ауа-райының қолайлығына, өмір сүрудің ыңғайлылығына байланысты осындай түрдегі үйлерді салуды ойластырған. Өйткені бәрімізге белгілі онда солтүстік-батыстан соғатын желдің күші өте жоғары, арнайы соған төтеп беру үшін бәрін өлшеп барып салған.

Сонымен қатар кәріс халқы үйді жылытудың ерекше тәсілі «ондоль»-ды ойлап тапқан. Ол шамамен XIV-XV ғасырларда пайда болған. Яғни кәрістер үйге кіргенде аяқ- киімді шешіп, жалаң аяқ жүруге үйренгендіктен, және де еденде отырып тамақ ішіп, сонда ұйықтайтын болғандықтан «жылы еден»-ді құрастырған. Бұл жүйе үйдің кіре берісінің алдында орналасқан. Оны «агунг» деп атайды. Сол жерден от жағылады да, түтіні мен жылуы еденнің астындағы тастарға тарайды. Соның арқасында еден де жылып, күні бойы бірқалыпты температураны ұстап тұруға арналып жасалған (қазіргі таңда бұл әдіс біздің елде де кеңінен таралып отыр). Ал жаздың күні тым ыстық болғанда үйді салқындатып ұстап тұратын «мару» әдісін пайдаланған. Ол үйдің күн түспейтін және жел соғып тұратын жағындағы бөлмені басқа бөлмелерге қарағанда биіктеу қылып салып, терезелерін әдеттегіден көбейтіп, шатырын да ұзынырақ соққан. Көбінесе «тэчхон» деп атайды, яғни бөлмелерді жалғастырушы кең террасса. Сонда үстелде тамақтанып, сол жерде ұйықтаған. Үстелдің ұзындығы 0,5 метрге де жетпейтін болғандықтан көбінесе жастықшаларда аяқтарын айқастырып отырып ішкен. Және кейде қонаққа барғанда аяқтарын ұзақ айқастырып отыра алмағандықтан, көп қонақтамай ертерек кетуге тырысқан

Бәрімізге белгілі ежелде таптардың арасындағы бөліну көрінісі айқын көрсетілген. Оны тұрған үйінен, киім киісінен, қолданған заттарынан және де басқа құбылыстарға байланысты тез аңғаруға болады. Мысалы «кивачип» (кива- шатыры черепицадан жасалынған) ол жоғарғы тап өкілдеріне арналған баспана. Бұл үйлер конфуций іліміне байланысты өте әдемі және ыңғайлы етіп сол идеологияда жасалынған. Адамдардың мәртебесіне қарай бірнеше бөлмелерге бөлінген. «Саранчхе» ерлердің жатын бөлмесі мен тамақтанатын бөлмесі, әдетте онда келген қонақтарды қарсы алып, дәм таттыратын болған. Және «кун-сарангбан» деп жасы егде тартқан үлкен қариялардың бөлмесін атаған. Ал «анчхе» әйелдер мен 7 жасқа дейінгі кішкентай балаларға арналған бөлме саналған, «кеннунгбан» ол келіндерге арналған «анчхе»-нің ішіндегі кішкентай бөлме, және ол үйдің орталық бөлігінде орналасқан. Оны кәрістер әйелдің бейуақытта, күйеуінен сұранбай үйден шығып кетпеуін қадағалау үшін жасалған дейді. Және ер бала 7-ден асқан соң «саранчхе»-ге

ауысқан. «Ханначхе» үй тазалаушы мен аула бағбандарына арналған бөлме, ал «садан» - өлген адамдардың рухына тағзым етуге арналған ерекше бөлме болып табылады.

«Чхогачип» (сабан шөптен жасалған шатырлы үй) – орта және төмен тап өкілдері мекен ететін үй. Бұл үй шағын ғана – жатын, ас үй және тэчхоннан(террасса) тұратын үй. Өте төмен тап өкілінің үй шатыры сабаннан жасалса, орта таптықы емен немесе қарағайдан соғылған. Ал Чеджудо аралының тұрғындарының шатыры тастармен қашалып жасалынады, өйткені онда желдің күші өте зор, үйді ұшырып кеткен жағдайлар көп кездескен.

Бізді бір таң қалдырғаны олардың әлі күнге дейін өз дәстүрлі үйлерін сақтап қалуында. Кореяға барғанымызда Сеулдегі Хандар мен Ханшайымдар тұрған «Кенбоккун» сарайын көріп таң қалғанымыз сонша, ол 1392-95 жылдан бері сақталып келе жатқан сәулет өнері. Бұл кезде Чосон династиясының ханы И Сонге астананы (қазіргі Сеулге) ауыстыру жайлы шешім қабылдайды. Жоғарыда айтып өткендей олар фен-шуй заңы бойынша үй саларда ең сәтті аймақ деп тау етегі мен алдында өзені бар жерді ерекше қастерлейді. Және тау қаланы жаман күштерден сақтап тұрады деп сенді Сарайды саларда да осыны ескеріп Пэгак-сан деген тау етегінен құрылысты бастайды. Бірақ та бұл орталық емес, батыс шеткі аймақ болатын.. Әдетте Жапония мен Қытайда Хандар сарайын салғанда қаланың орталығынан бой көтеретін. Алайда кәрістер өз әдет-ғұрпын сақтап, ыңғайлы жерден салады. Және шатырдағы «айдахар»-дың бейнесі әрдайым елді қолдап, қорғап, соғыстан аман-сақтап қалады деген ырым да бар.

Және бір ерекше сәулет өнеріне куә болған «Букчон» деген ауданды да айта кету керек, онда кілең ханоктан құралған Чосон династиясының әскери адамдары тұрған үйлер орналасқан. Адамдар қазіргі таңда әлі күнге дейін сонда өмір сүреді және бұл оларға өте қатты ұнайды. Мұндай аудандар Кореяда өте көп. Біразы қазір мұражайларға айналып, келген туристтердің қызығушылығын оятады. Мысалыға:

- 1) Кәріс фольклор ауылы (한국민속촌)
- 2) Намсанголь дәстүрлі кәріс ауылы (남산골 한옥 마을)
- 3) Чире әдеби ауылы (지례예술촌)
- 4) Андон Хахве ауылы (안동 하회 마을)
- 5) Наган Ыпсон фольклор ауылы (낙안읍성)
- 6) Сонып фольклор ауылы (성읍민속마을)
- 7) Веамни фольклор ауылы (외암리민속마을)
- 8) Чхонхактон ауылы (청학동마을)
- 9) Чончжу ханок (전주한옥마을) [3]

Кәрістердің дәстүрлі баспанасы нақ қашан пайда болғандығы жайлы айқын дерек көздері жоқ. Алайда қытай жазбаларына сүйенсек олар тас ғасырынан бастап-ақ осындай іспеттес үйлерді пайдаланған. Ал нақты деректемелерге келсек, Ханок Чосон династиясы кезінде шарықтап, қолға алына бастады делінеді. Мысалы Чосон Династиясының атақты ғалымы, саясаткері, ағартушысы Миенгджи (1629-1714) ханоктың халыққа тиімдірек болуы үшін көп ізденіп, еңбек еткені туралы жазылады. Үйді салуда орналасуы мен заттардың қай жерде және қалай тұруына үлкен мән берген. Ол «ㄱ» белгісіне ұқсаған ханок түрі өте қолайлы форма деп санаған. Сонымен қатар су шығатын орынның есіктің алдында орналасуы мен қыстық азық-түлікті үйдің артындағы «бөшке»-лерде қалай ұзақ сақтау керектігін де айтып кеткен. Бұл деректердің барлығын Миенгджидің 13-ші ұрпағы Вансик Вун кітап қылып шығарып, бабасының сол кезде түсірген ханок түрлерінің суреттерін де кірістіруді ұмытпаған.

Кәрістер дәстүрлі үй жайлы - «Ханок - табиғаттан жасалынған мүлтіксіз шебер туынды», - деп санайды. Қорытындылай келе, бұл баспана мәдениетіне үлкен баға беруге болады. Ең біріншіден, олардың әлі күнге дейін ата-бабасынан мұра болып келе жатқан дәстүрлі үйлерін сақтап қалуы. Бұл өте қуантарлық жайт. Екіншіден, ханоктың денсаулыққа өте пайдасы мол етіп жасалуында. Себебі олар тек табиғи материалдарды(ағаш) пайдаланып, тыныс алу мүшелеріне зиянын тигізбейтіндей таңдалынып алынған. Үшіншіден, ханок өте

ыңғайлы және қарапайым етіп жасалынған. Мысалы, есіктің ашылуының өзі ішке немесе сыртқа қарай емес, арнайы жанына қарай ашылуы да, бөлмені тарылтпай, қоятын заттары да ыңғайланып тұруы үшін есептелінген. Мұндай есіктер «ангоджики» деп аталады. «Ондооль» мен «мару»-дың пайдасын жоғарыда айтып кеткен болатынымын. Соңғы он жылда бұл жүйе біздің елімізге де кең тарап отыр. Ал, кәрістер мұның сырын 500-600 жыл бұрыннан бері қолданып келе жатыр. Сондықтан ол жүйенің келешегі өте зор деп білемін. Қазіргі таңда кәріс халқы жайлы «Хан өзеніндегі ғажайып» деген термин қоса айтылады. Әрине аз уақыттың ішінде экономикасы едәуір дамып әлемдегі алпауыт мемлекеттердің көш басында тұрғаны рас. Бірақ бұған қарамастан заманауи көп қабатты үйлерге қарағанда осындай барлық жағдайы жасалынып қойылған дәстүрлі ханок үйлерде тұрғанды да ұнатады. Кәрістердің бүкіл әлемге тараған үй салушы компаниялары да осы ханоктың құрылысына қарап, жаңашылдықпен біраз өзгешелікпен үй салуды жөн көреді. Және өзіміз көріп отқандай ол елдің үлкен сұранысын тудыруда. Келешекте ханоктың тағы да қандай пайдасы бар екендігі жайлы көп ізденіп, осы тақырыпты ары қарай жалғастырғым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Nani Park, Robert Fouser “Hanok : the Korean house” (Токио - 2015)
2. Yeong -Min Kim. Deformation Monitoring in Korean Traditional Test-bed Hanok in Myongji University. Civil Engineering and Architecture 3(2): 38-42, 2015 - <http://www.hrpub.org/download/20150410/CEA2-14803720.pdf>
3. Ханок // Интерактивное сообщество коре-сарам - <http://koredo.ru/hanok>
4. 4. Пак Мен Ток. Ханок – өмір сүруге арналған баспана» - 박 명덕 “한옥-살림 지식총서-207 // <http://m.blog.naver.com/hanokacademy/60177829729>.
5. Дворцовая культура эпохи Чосон и дворец Кёнбок-кун // Сайт сообщества "Лим" - <http://www.all-lims.ru/publ/5-1-0-141>.
6. Jo Sanku Korean House, Hanok // SanKuJo/posts.

УДК 378 (520)

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ ЯПОНИИ

Тлеубаева Айнур Абдыкалыковна

ukiume@yandex.ru

магистрант 2 курса кафедры востоковедения ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

Научный руководитель – Фуруя Каору

В современном обществе все большее значение приобретают качественные, интенсивные факторы развития производства, возрастает экономическая и общественная значимость образования. Впечатляющим примером в этом является Япония, сумевшая уже к концу 19 в. успешно провести капиталистическую модернизацию страны, находившейся до революции Мэйдзи 1868 г. в состоянии глубокого застоя в условиях полной самоизоляции. Основные усилия общества были направлены на то, чтобы перенимать и совершенствовать модели развития западных стран, одновременно создавая стройную систему народного образования с обязательным всеобщим начальным образованием.

До второй мировой войны в системе высшей школы Японии были представлены пять основных типов учебных заведений: университеты (*дайгаку*), высшие школы (*котогакко*), колледжи (*танка дайгаку*), высшие нормальные (педагогические) школы (*кото сихан гакко*) и специализированные школы (*сэммон гакко*). Поступали в них учащиеся, имевшие за плечами шестилетнее начальное (*сёгакко*) и пятилетнее среднее образование (*тюгакко*), а также девушки, закончившие высшие женские школы (*кото дзёгакко*). Высшее образование для женщин до начала второй мировой войны было возможно в основном только в высшей